

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№3(132)/2020**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

---

---

**Бас редакторы Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

**Бас редактордың орынбасары Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

### **Редакция алқасы**

<b>Аскер оғлы Рамиз</b>	ф.ғ.д., проф., Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан
<b>Ақматалиев Абдылдажан</b>	ф.ғ.д., проф., Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясы, Бішкек, Қырғызстан
<b>Аймұхамбет Жанат</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Бахтикиреева Улдана</b>	ф.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
<b>Беженару Людмила</b>	ф.ғ.д., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
<b>Бейсембаева Жанаргүл</b>	ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Біжкенова Айгүл</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Жақыпов Жантас</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Журавлева Евгения</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Жан Динжиң</b>	PhD, проф., Миньцзу университеті, Пекин, Қытай
<b>Ескеева Мағрипа</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Ержласун Гүлжанат</b>	PhD, проф., Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
<b>Қасқабасов Сейіт</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Негимов Серік</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Нұрғали Қадиша</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Нуриева Фануза</b>	ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Райхл Карл</b>	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
<b>Рахманов Носимхан</b>	ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі және әдебиеті мемлекеттік университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Риверс Уильям Патрик</b>	PhD, проф., Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ
<b>Сәтенова Серіккүл</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Тәжібаева Сәуле</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Тұрысбек Рақымжан</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Хисамитдинова Фирдаус</b>	ф.ғ.д., проф., Уфа федералды зерттеу орталығы, Уфа, Башқұртстан, РФ
<b>Чернявская Валерия</b>	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
<b>Шәріп Амантай</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Шәріпова Гүлбану</b>	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Экиджи Метин</b>	PhD, проф., Эгей университеті, Измир, Түркия
<b>Янковски Хенрих</b>	PhD, проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Журнал менеджері: Базылхан Г.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 9 дана. Басуға 09.09.2020 ж. қол қойылды.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

**Editor-in-Chief Dikhan Kamzabekuly**

*Doctor of philology, academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Deputy Editor-in-Chief Zharkynbekova Sholpan**

*Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Editorial board**

<b>Asker ogly Ramiz</b>	Doctor of philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaidzhan
<b>Akmataliyev Abdildajan</b>	Doctor of philology, Prof., National Academy of science of KR, Bishkek, KR
<b>Aimukhambet Zhanat</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Bakhtikireeva Uldanai</b>	Doctor of philology, Prof., RUDN University, Moscow, Russia
<b>Beisembayeva Zhanargul</b>	Can. of philology, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Bezhenaru Lyudmila</b>	Doctor of philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
<b>Bizhkenova Aigul</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Chernyavskaya Valeriya</b>	Doctor of philology, Prof. Higher school of linguodidactics and translation, Saint Petersburg, Russia
<b>Erzhiasun Güljanat</b>	PhD, Prof., Hasi Bayram Veli University, Ankara, Turkey
<b>Yeskeyeva Magripa</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Henryk Jankowski</b>	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
<b>Kaskabassov Seit</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Khislamitdinova Firdaus</b>	Doctor of philology, Prof., UFRK RAS, Ufa, Bashkortostan, RF
<b>Metin Ekiji</b>	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
<b>Negimov Serik</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Nurgali Kadisha</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Nurieva Fanuza</b>	Doctor of philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF)
<b>Reichl Karl</b>	Doctor of philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
<b>Rakhmanov Nasimhon</b>	Doctor of philology, Prof., Tashkent State University of Uzbek language and literature, Tashkent, Uzbekistan
<b>Rivers William Patrick</b>	PhD, Prof., Joint national Committee on languages and international education, Washington, USA
<b>Satenova Serikkul</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Sharip Amantay</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Sharipova Gulbanu</b>	Can. of philology, as. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Tazhybayeva Saule</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Turysbek Rakymzhan</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Zhakypov Zhantas</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Zhang Dingjing</b>	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China
<b>Zhuravleva Yevgeniya</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Managing Editor: Bazylkhan G.

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 9 copies. Signed in print: 09.09.2020

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### Редакционная коллегия

<b>Аскероглы Рамиз</b>	д.ф.н., проф., Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан
<b>Акматалиев Абдылдажан</b>	д.ф.н., проф., Национальная академия наук КР, Бишкек, Киргизия
<b>Аймухамбет Жанат</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Бахтикиреева Улданай</b>	д.ф.н., проф. Российский университет дружбы народов, Москва, Россия
<b>Беженару Людмила</b>	д.ф.н., проф. Ясский государственный университет, Яссы, Румыния
<b>Бейсембаева Жанаргуль</b>	к.ф.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Бижкенова Айгуль</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Жакыпов Жантас</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Жан Динжин</b>	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
<b>Журавлева Евгения</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Ескеева Магрипа</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Ержласун Гульжанат</b>	PhD, проф. Университет Хаджи-Байрам Вели, Анкара, Турция
<b>Каскабасов Сеит</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Негимов Серик</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Нургали Кадиша</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Нуриева Фануза</b>	д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Райхл Карл</b>	д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия
<b>Рахманов Насимхон</b>	д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени А. Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Риверс Уильям Патрик</b>	PhD, проф., Совместный Национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США
<b>Сатенова Сериккуль</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Тажibaева Сауле</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Турьсыбек Рахимжан</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Хисамитдинова Фирдаус</b>	д.ф.н., проф., УФИЦ РАН, Уфа, Башкортостан, РФ
<b>Чернявская Валерия</b>	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, РФ
<b>Шарип Амантай</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Шарипова Гульбану</b>	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Экиджи Метин</b>	PhD, проф., Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Янковский Хенрих</b>	PhD, проф., Университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402  
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Менеджер журнала: Базылхан Г.

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 9 экземпляров. Подписано в печать 09.09.2020 г.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

*Фольклор және әдебиеттану*

<i>Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О.</i> Ұлттық дүниетанымдағы бөрілік рух сабақтастығы.....	8-17
<i>Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е.</i> Ахмет Байтұрсынұлы ғұмырнамасындағы Орынбор кезеңі: кейбір беймәлім мәліметтер мен деректер (ғылыми-танымдық экспедиция материалдары бойынша) .....	18-27
<i>Исламбаева З.У.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің драматургияда бейнеленуі .....	28-35
<i>Құрманғали Г.Қ.</i> Құранның ортағасырлық әдеби жәдігерлерге ықпалы .....	36-43
<i>Рахмонов Н.</i> Ежелгі Орталық Азия халықтарындағы рухани үдеріс тамырлары.....	44-50
<i>Шәріп А.</i> Қазақ поэзиясындағы Сарыарқа бейнесінің идеялық-көркемдік эволюциясы мен трансформациясы .....	51-59

*Лингвистика және әдістеме*

<i>Ашинова К.А.</i> Қысқарған және біріккен дипломатиялық терминдер .....	60-65
<i>Балтабаева Ж.Қ., Бияздықова Ә.Ә.</i> М. Жұмабаев шығармаларындағы «бақыт» базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісін айқындайтын тілдік бірліктер .....	66-74
<i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Орта ғасыр түркі мақал-мәтелдеріндегі адами қасиеттер көрінісі: салыстырмалы-тарихи талдау .....	75-85
<i>Құрманбайұлы Ш., Әділов М.Е.</i> Абай тіліндегі көнерген сөздер.....	86-97
<i>Құсайынова Ж.</i> Транспозицияланған құрылымдардың контекстік-модалдік қызметі .....	98-103
<i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Қазақстан және Ресей әдебиетшілері, суретшілері шығармашылығында «жол/сапар» сарынының түсіндірілуі .....	104-122
<i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Ассоциативті эксперимент шеңберіндегі тілдік интерференция.....	123-132
<i>Садирова К., Әбдірова Ш.</i> Идеологиялық дискурс және ықпалдастық мәселесі.....	133-141

**Contents**

***Folklore and Literary Studies***

<b><i>Abduova B.S., Assanova U.O.</i></b> Legacy of the Wolf Spirit in the National Worldview .....	8-17
<b><i>Absadyk A.A., Kabuldinov Z.E.</i></b> Orenburg Period in Akhmet Baitursynuly's Biography: Some Unknown Archival Sources (based on materials of scientific and educational expedition).....	18-27
<b><i>Islambayeva Z.U.</i></b> Representation of the 1916 National Liberation Movement in Drama.....	28-35
<b><i>Kurmangali G.K.</i></b> Influence of the Koran on Middle Ages Literary Monuments .....	36-43
<b><i>Rakhmonov N.</i></b> Sources of Spiritual Processes Among Ancient Peoples of Central Asia .....	44-50
<b><i>Sharip A.</i></b> Ideological and Literary Evolution and Transformation of Saryarka image in the Kazakh Poetry .....	51-59

***Linguistics and methodics***

<b><i>Ashinova K.A.</i></b> Abbreviated and Combined Diplomatic Terms.....	60-65
<b><i>Baltabaeva Zh.K., Biyazydykova A.A.</i></b> Linguistic Units Determining the Semantic-Informational Field of the Basic Concept "Happiness" in M. Zhumabayev's Works.....	66-74
<b><i>Eskeyeva M., Alashbayeva Zh.</i></b> Representation of Human Qualities in Proverbs and Sayings of Turks of the Middle Ages: Comparative and Historical Analysis .....	75-85
<b><i>Kurmanbaiuly Sh., Adilov M.</i></b> Archaisms in Abay's Writing .....	86-97
<b><i>Kussaiynova Zh.</i></b> Context-Modal Functioning of Transposition Structures .....	98-103
<b><i>Lichman E.Yu., Chernyaeva I.V.</i></b> Interpretation of the «Path/Road» Motive in Works of Writers and Artists of Kazakhstan and Russia.....	104-122
<b><i>Ormanova A.B., Anafinova M.L.</i></b> Linguistic Interference in Terms of Associate Experiment .....	123-132
<b><i>Sadirova K., Abdirova Sh.</i></b> Ideological Discourse and Integration Issue .....	133-141

Содержание

*Фольклор и литературоведение*

<i>Абдуова Б.С., Асанова У.О.</i> Преемственность волчьего духа в национальном мировоззрении .....	8-17
<i>Абсадык А.А., Кабульдинов З.Е.</i> Оренбургский период в биографии Ахмета Байтурсынулы: некоторые неизвестные архивные источники (по материалам научно-познавательной экспедиции).....	18-27
<i>Исламбаева З.У.</i> Отражение национально-освободительного восстания 1916 года в драматургии.....	28-35
<i>Қурманғали Г.К.</i> Влияние Корана на литературные памятники средневековья .....	36-43
<i>Рахмонов Н.</i> Источники духовных процессов среди древних народов Центральной Азии.....	44-50
<i>Шарип А.</i> Идеино-художественная эволюция и трансформация образа Сарыарки в казахской поэзии.....	51-59

*Лингвистика и методика*

<i>Ашинова К.А.</i> Сокращенные и комбинированные дипломатические термины....	60-65
<i>Балтабаева Ж.К., Бияздыкова А.А.</i> Лингвистические единицы, определяющие семантико-информационное поле базового концепта «счастье» в произведениях М. Жумабаева .....	66-74
<i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Репрезентация человеческих качеств в пословицах и поговорках тюрков средневековья: сравнительно-исторический анализ.....	75-85
<i>Қурманбайұлы Ш., Адилов М.Е.</i> Архаизмы в языке Абая.....	86-97
<i>Кусаинова Ж.</i> Контекстно-модальное функционирование транспозиционных структур .....	98-103
<i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Интерпретация мотива «путь/дорога» в творчестве литераторов, живописцев Казахстана и России .....	104-122
<i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Языковая интерференция в рамках ассоциированного эксперимента.....	123-132
<i>Садирова К., Абдирова Ш.</i> Идеологический дискурс и проблема интеграции ....	133-141

XFTAP 16.01.09

**М. Ескеева<sup>1</sup>, Ж. Алашбаева<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*(E-mail: mag61103@inbox.ru<sup>1</sup>, zhanna\_alash@mail.ru<sup>2</sup>)*

### **Орта ғасыр түркі мақал-мәтелдеріндегі адами қасиеттер көрінісі: салыстырмалы-тарихи талдау**

**Аңдатпа.** Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері – түркі халықтарының өткен тарихы мен мәдениетінен, тілінің ерекшеліктерінен мәлімет беретін асыл мұра. Ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеу қазақ тіліндегі паремиологиялық жүйенің қалыптасуы мен даму үдерістерін, мақал-мәтелдердің мағыналық уәжін анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада XI-XII ғасырларда жазылған түркі ескерткіштері – Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк», Ахмет Йүгнекидің «Һибат-ул хақайк», Ахмет Йасауидың «Диуани хикмет» шығармалары тіліндегі моральдық құндылықтарды сипаттайтын мақал-мәтелдер қарастырылады. Ескерткіштер тіліндегі адамның жақсы қасиеттері мен жағымсыз қасиеттерін сипаттайтын мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұны, паремиологиялық мағынаның ерекшелігі мақал-мәтелдер құрамындағы доминант сөздердің семантикалық аясы шеңберінде сараланады. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдер қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен салыстырыла отырып, олардың этномәдени мазмұнындағы ортақтықтар мен айырмашылықтар анықталады.

**Түйін сөздер:** түркі тілдері, орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері, тарихи лексикология, мақал-мәтелдер, паремиологиялық жүйе, семантикалық байланыс, жалпытүркілік дүниетаным, қазақ тілі.

**DOI :** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-132-3-75-85>

**Түсті:** 15.05.20 / **Қайта түзетілді:** 04.09.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 09.09.20

**Кіріспе.** Қазіргі таңда халықтың өткені мен рухани-мәдени құндылықтарын зерттеу – өзімізге тиесілі дүниелерді танып, олардан қол үзбеудің бірден-бір жолы. Әрбір халықтың тарихында ұлттың мәдениетіне, тілі мен әдебиетінің дамуына орасан зор үлес қосқан әйгілі тұлғалар болатыны белгілі. XI-XII ғасырларда қоғамның рухани өміріне ықпал еткен ірі тұлғалар қатарында Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгнеки, Ахмет Йасауи сынды түркі ойшылдары мен ғалымдарын атауға болады. Айрықша ақыл-парасат иелерінің даналық ойлары мен ғибратты сөздері, мақал-мәтелдері XI-XII ғасырда өмір сүрген түркі халықтарының дүниетанымы мен мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы, жалпы болмысы жайлы мол ақпарат береді. Ұлы ойшылдардың шығармаларында жалпытүркілік таным, мәдениет, тұтастық мәселелеріне айрықша мән беріледі. Бұл түркі халықтарының әлемдік өркениеттен алар орнын айшықтап көрсетуге бағытталған жалпытүркілік мүддеден туындайды. Олардың рухани-мәдени құндылықтарды сипаттайтын маңызды пайымдаулары мақал-мәтелдер арқылы тұжырымдалып отырады. Халықтың дара болмысын анықтауда мақал-мәтелдердің ақпараттық әлеуеті аса жоғары. Сондықтан XI-XII ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі адами қасиеттерді сипаттайтын мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұнын анықтау қазақ тіліндегі паремиялардың даму жолын анықтауға, әрі ұлттың моральдық құндылықтарының бастау арналарын саралауға мүмкіндік беретін өзекті мәселелердің бірі.

Мақаланың дереккөздерін Махмұд Қашқаридың («Divanü Lugati't-türk»), Жүсіп Баласағұнның («Kutadgu Bilig»), Ахмет Йүгнекидің («Atabetül Накауык»), Ахмет Йасауидың («Divan-ı Hikmet») шығармалары тіліндегі мақал-мәтелдер мен қазақ тіліндегі мақал-мә-



телдер құрайды. Ескерткіштердің мәтіндері мен аудармалары Р. Араттың, А. Егеубаевтың, Б. Сағындықұлы, Қ. Қари, Ғ. Қамбарбекова, М. Жармұхамедұлы еңбектерінен алынды.

**Мақсаты.** XI-XII ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі адам сапасына қатысты мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұнын саралап, орта ғасыр түркілері мен қазіргі қазақ тіліндегі паремиялардың сабақтастық деңгейін анықтау. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделді: адамның жақсы қасиеттеріне байланысты мақал-мәтелдерді саралау; адамның жаман қасиеттері мен әдеттеріне қатысты мақал-мәтелдерді талдау; мақал-мәтелдер құрамындағы доминант бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін көрсету; зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды жасау.

**Мәселенің зерттелу тарихы.** Орта ғасырдағы жазба ескерткіштер – сол дәуірдегі түркі этностарының тілі туралы ақпараттарды сақтап қалған бірден-бір тілдік дереккөз болып табылады. Жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеу қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің де паремиялогиялық жүйесінің қалыптасу, даму жолын анықтауға мүмкіндік береді. XI-XII ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің зерттелу тарихы Г.Ю. Клапрот, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, А.Н. Самойлович т.б. түркітанушылардан басталады. Ескерткіштер тілінің жан-жақты зерттелуі Ә.Н. Наджип, А.М. Щербак, Э. Фазылов, Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, Б. Сағындықұлы, Ә. Ибатов, Ә. Керимов т.б. зерттеушілердің есімдерімен байланысты. Кейінгі жылдары М. Сабыр, Р. Досжан, Б. Сүйерқұл, С. Дүйсеннің т.б. ғалымдардың еңбектері орта ғасыр ескерткіштерінің тілін зерттеуге арналды. Орта ғасыр мұралары тіліндегі мақал-мәтелдер фрагментарлы тұрғыдан ғана қарастырылды, арнайы зерттеу нысанына алынбады. А. Сейітбекованың, Т. Ахметовтың мақалаларында XI ғасыр түркі ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдер қарастырылды. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, сипаттау, жүйелеу тәсілдері, семантикалық, этимологиялық және этнолингвистикалық талдау амалдары қолданылды.

**Нәтижелері және оны талқылау.** Қазіргі түркі тілдерінің тарихи арналарының бірі болып табылатын орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдердің қолданысын, тұлғасы мен мазмұнын тарих қойнауынан қазіргі қазақ тіліне қарай сатылап зерделесек: паремиялық тұлға тілдің даму заңдылықтарына сәйкес бастапқы тұрпатын сақтай отырып, құрамындағы лексемалық, морфемалық компоненттерін кейде сақтап, кейде алмастырып варианттар түзу мүмкіндігіне ие болатынын; паремиялық мазмұн өзінің тұрақтылығы мен біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, тұлғалық модификациясына, яғни құрамына енген жаңа лексемалық компоненттердің мағынасына сәйкес мазмұндық аясын кеңейтетініне, бірақ негізгі идеясын сақтайтынына көз жеткіземіз. Бұл даму барысындағы өзгерістердің дербес сөздерге ғана емес мақал-мәтелдерге де тән екенін көрсетеді. «Мақал-мәтелдер тұлғасына тән дәстүрлік тұрақтылық қаншама берік және тіл үшін нормаға айналған стандарт болса да, абсолюттік ұғым емес: ол тілдің тарихи дамуына байланысты, көрші тілдердің әсерінен, сондай-ақ тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес әртүрлі өзгерістерге түсіп отырады» [1, 223 б.]. Мұндай өзгерістердің жыл өткен сайын тереңдей беруі лингвоэволюциялық заңдылық бола тұра, орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдердің жалпы тұрпаты мен жалпы мазмұнын сақтай отырып, қазіргі түркі тілдеріне таралуы жалпытүркілік тілдік сананың беріктігінің көрінісі.

**Зерттеу нәтижелері.** XI-XII ғасырларда жазылған түркі ескерткіштерінің тілін «аралас тілдік жүйе» ретінде анықтағаны белгілі, ескерткіштер тілінде қыпшақ, оғыз, қарлұқ тобындағы тілдердің ерекше белгілері қатар сақталып отырады. Бұл «өзара ыдырай бастаған түркі диалектілерінің қайта тоғысып, ортақ жүйеге ыңғайланғанын меңзейді» [2, 41 б.], яғни, тілінің өзіндік ерекшеліктері бар бірнеше түркі тайпаларының ортақ жазба әдеби тілі орныққанын сипаттайды. Н. Сауранбаев «Диуани лұғат ит-түрк» тіліндегі анлаут *dž/ž*, анлаут, инлаут *t* дыбыстарының қолданылуын, инлаут *d*-ның *j*-ге ауысуын, инлаут *γ*-ның түсіп

қалуын ХІ ғасырдағы көне қыпшақ тілінің төл ерекшеліктері ретінде қарастырады [3, 246 б.]. Э.Н. Наджип «Құтадғу білік» дастанының тілін *d – тілдер* тобындағы қарлұқ-ұйғыр жазба тілі екенін, ал «Диуани Хикмет» тілінің негізінде қыпшақ тілі жатқанын әрі оғыз тілі мен қарлұқ-ұйғыр тілінің ықпалына ұшырағанын көрсетеді [4, 5-8 бб.]. А.К. Боровков А. Яссауи «Хикметі» тілінің шығыс қараханид жазба дәстүрінен бастау алған, дербес оғыз-қыпшақ тілі ретінде таныса [5, 247-248 бб.], Р. Сыздық «Диуани Хикмет» тіліндегі аралас-тілдік жүйенің белгілерімен келісе отырып, «Яссауи тілінің сүйегі қыпшақтық, оның ішінде *j*-тобына жататын тіл» деген қорытындыға келеді [6, 110 б.]. Бұл пікірлер аталған мұралар тіліндегі мақал-мәтелдерді қазіргі қазақ тілі деректерімен тікелей салыстырудың тарихи-лингвистикалық негізін құрайды. Ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдердің қазақ тіліндегі мақалдармен көп жағдайда сәйкес келіп жатуы аталған мұралар тіліндегі қыпшақтық бояудың қанықтығын айғақтайды.

Ұлттық таным-түсінік, тұрмыс-салт, наным-сенім, өнер-білім, этика т.б. халықтың рухани мәдениетін құрайды. Рухани мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз ететін тетіктердің негізгісі – толғауы тоқсан – қызыл тіл. Қоғамдағы адами қатынастардың үйлесімділігін қамтамасыз ететін моральдық құндылықтар халықтың рухани мәдениетінің жоғарылығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. ХІ-ХІІ ғасыр түркі ойшылдарының да басты мүддесі адамгершілігі жоғары ұрпақ қалыптастыру болғанын ескерткіштер тіліндегі адам тұлғасы мен адами қасиеттер, олардың жақсы әдеттері мен жағымсыз әрекеттеріне құрылған паремиялардың мазмұнынан аңғарамыз. Жалпытүркілік паремиялогиялық жүйенің семантикалық өзегі адами мүдделестік тұрғысынан тұлғаны қалыптастыратын рухани дүниеге, қоғамдық-әлеуметтік жағдайға байланысты қалыптасқан жақсы да, жаман қасиеттерге негізделіп отырып, жалпы идеясы жағымсыз әдеттер мен қасиеттерден аулақ болуға, барлық жағдайда адамгершілікті сақтауға үндейді. Ұрпағының адамгершілік қасиеті жоғары, білімді, бақытты болуын аңсаған ата-бабамыздың даналық сөздері бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды.

Түркілік дүниетанымдағы сакральды ұғымдардың бірі – құт. Адамның өсіп-өнуі, ырыс-несібесі, бағы мен дәулеті құт ұғымымен тікелей байланыста қарастырылады. Көне түркілердің діни-мифологиялық дүниетанымында ерекше орын алатын құт культі орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдерден де көрініс береді. Ескерткіштер тілінде *qut* сөзі «бақыт, дәулет», «ырыс-несібе, береке» мағынасында жұмсалады: *Akar suv yorik til bu qut turmadi, Ajun tezginürler yorip tinmadi* (ҚБ, 83. 669-бәйіт) *Бір орында Су, Сөз, Дәулет тұрмайды, Жуһангерлер жүре бермей тынбайды*; *Yayig qutni bulsa idi bekrü tut, Kalı beklemese yana bardı büit* (ҚБ, 89. 715-бәйіт) *‘Мықтап ұста баяны жоқ бағыңды, Ұстамасаң, жоғалтасың барыңды!’* (Келген құтты тұта алмасаң – лағады, Берген малды баға алмасаң – алады. Қонған құттың біл қасиет-қадірін, Қадірді ұққан – көрмес тірлік жәбірін!) (АЕ, 141. 725-бәйіт). Қазақ тілінде де құт, құтты лексемалары арқылы жасалған мақалдар көптеп кездеседі: *Құтты қонақ келсе, қой егіз тұады* т.б.

Ескерткіштер тіліндегі *Kiče yatsa kič yat yana erte tur, Yatip erte kopgan qutin arturur* (ҚБ, 168. 1506-бәйіт) *‘Кештеу жатып, ерте тұрып жүргейсің, Ерте тұрсаң ырыс артар – білгейсің’* (АЕ, 204. 1506-бәйіт) мақалының мағынасын қазіргі қазақ тіліндегі *Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық*, ерте тұрған еркектің ырысы артық паремиясы береді. Орта ғасыр мұралары тілінде *qutsuz* «құтсыз, берекесіз» лексемасы жиі қолданылады: *Bir anča bekitip yakın tutguni, Bu qutsuz yavuz tip yirak salguni* (ҚБ, 8. 49-бәйіт) *‘Жақын ұста, сені жақын тұтқанды, Құтсыз деп қу, жауыз шектен шыққанды’* (АЕ, 69. 49-бәйіт). Паремияның идеясы қазақ тіліндегі *Еңкейгенге еңкей, әкеңнен қалған құл емес, Шалқайғанға шалқай, ол – Алланың ұлы емес* мақалының мазмұнына сәйкес келеді. Қазақ тілінде құтсыз сөзі «құты жоқ», «берекесіз», «жолы ауыр», «қырсық» (ҚТТС, 549) мағыналарында қолданылады. Орта ға-

сыр түркілері тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де құт сөзі қатысқан мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұны: құт – қонады, құт – дәулет, құт – бақыт, құт – сәттілік, құт – береке, құт – тұрақсыз, т.б. идеяларын қамтиды. Шаңыраққа немесе басыңа келіп қонған құтты ұстай білу – адамның өзіне, оның адамгершілік, кісілік деңгейіне байланысты.

*Кісілік пен адамгершілік.* Адамның рухани дүниесі, тұлғаның сапалық мәні оның адамгершілік қасиеттерімен өлшенеді. Түркі жазба ескерткіштер тілінде адамның сапа, қасиеттерінің жиынтығын *kişilik* «кісілік, адамшылық» сөзі береді: *Könilik kerek erke kopsa kutun, Könilik atı ol kişilik bütün* (ҚБ, 104. 865-бәйіт) `Әділдік – құт, құт құрығы – кішілік. Әділдіктің заты – тұнған кісілік` (АЕ, 153. 865-бәйіт). *Kiz ermez bu yalnguk kişilik kız ol, Az ermez bu yalnguk könilik az ol* (ҚБ, 104, 866-бәйіт) `Адам қымбат емес, қымбат адамдық, Адамдар аз емес, аз ғой адалдық` (Кісілер көп, кісілікке кендеміз, Адалы – аз, адам атты пендеміз!) (АЕ, 153. 866-бәйіт). Жазба ескерткіштерде *kişi* сөзі адам сөзінің орнына қолданылады. Қазақ тілінде *kici*, адам лексемалары синонимдік қатар түзеді, *kişilik* сөзі де ескерткіш тіліндегі «адамдық қасиет, адамилық» мәндерін сақтаған. Сондай-ақ, кісілік лексемасы «әлдеқандай болған, дандайсыған, кісімсіген мінез» (ҚТТС, 441) мағынасын да береді. Бұл *kişilik* сөзінің мазмұнындағы идеосемалардың бірнеше бағытта дамуға қабілетті полисемиялық сипатына байланысты. Түркі тілдері семантикалық жүйесіндегі гомогенді сөздердің қарама-қарсы мағыналарға ыдырауы жиі кездесетін құбылыс.

Орта ғасыр ескерткіштері тілінде рухани тәрбие көзі – адамгершілік. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Жазба ескерткіштерде адамгершілік мағынасында *karam* сөзі кездеседі: *Karam bir bina teg añar hulim bunjad ol* `Адамгершілік бір үй, қарапайымдылық оның іргетасы сияқты` (ҺХ, 38). Ескерткіш тіліндегі мақал-мәтелдердің мазмұны кісіліктің негізгі шарттары – ақыл, білім, білік, ізгілік, мейірім, батылдық, сабыр, әділеттілік т.б. екенін сипаттайды.

*Ақыл мен білім.* Адамның рухани байлығын көтеруге ықпал ететін маңызды қасиеттердің негізгілері ақыл, білім мен біліктілік екені даусыз. Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі ақыл мен білімге қатысты мақал-мәтелдердің тірек сөздерін «ақыл, ұғым, түсінік» мағыналарын беретін *ukuş* → *uk+uş* және «білік, білім» мәнін білдіретін *bilig* → *bil+ig* лексемалары құрайды: *Ukuş ol yula teg karangku tüni, Bilig ol yarukluk yarutti sini* (ҚБ, 44. 288-бәйіт) `Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын` (АЕ, 102. 288-бәйіт); *Kimingde ukuş bolsa aslı bolur, Kayuda bilig bolsa beglik bulur* (ҚБ, 45. 301-бәйіт) `Ақыл кімде болса – болар асыл ол, Білім кімде болса – бек хәм басың ол` (АЕ, 103. 301-бәйіт). Қазіргі қазақ тілінде орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі *ukuş* лексемасы құрамындағы жалпытүркілік *uk* «ұқ» етістігі және одан жасалған *ұғым, ұғынықты* т.б. лексемалар белсенді қолданылғанымен *ukuş* лексемасының негізгі мәні ақыл арабизмі арқылы беріледі: *Ақыл атыңды елге жеткізер, Білім басыңды төрге жеткізер.*

Ескерткіштер тіліндегі *biliglig* лексемасының мазмұнында «біліктілік», «білімділік» мәндері ғана емес, «жан-жақты түсінігі бар», «жақсы-жаманды ажырата білетін», «ақылды» семалары да сақталған: *Biliglig tişi er žahil er tişi* `Білімді әйел – ер, надан еркек – әйел` (ҺХ, 25); *Biliglig er öldi atı ölmädi* `Білімді адамның [өзі] аты өлмейді` (ҺХ, 25). Қазақ тілінде де *білікті* лексемасының мағыналық аясы кең, көрсетілген мағыналарымен қатар «өз ісінің шебері» мәнін де береді. Жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың негізін құрайтын ақыл мен білім қазақ тілі паремиологиялық жүйесінен де ауқымды орын алады: *Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім, Білімдінің аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді* т.б. Қазақтың ұлы ақыны Абай он сегізінші қара сөзінде «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» [7, 394 б.] деген ойлары арқылы ақыл мен білімнің маңыздылығын айшықтай түседі.

Орта ғасыр түркі ескерткіштері тілінде білім мен біліктілікті үндейтін мақал-мәтелдер *biliglig*↔*biligsiz* жұптарының оппозициялық қатынасы арқылы да беріледі: *Bahalıq dinar biliglig kişi, Bu žahil biligsiz bahasiz bişi* `Білімді кісі қымбат бағалы динар сияқты, Білімсіз надан – құны жоқ бақыр` (ҺХ, 25); *Biligsiz tirigla jitig körgülüğ* `Білімсіз тірісінде көрде жатқан өлік сияқты` (ҺХ, 25). Бұл құбылыс қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге де тән: *Білім гауһар – бағасы жоқ. Надандық кесел – дауасы жоқ, Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні кәріп*. Ескерткіштер тіліндегі ақыл мен білімге, біліктілікке қатысты мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұны: ақыл – шырақ, ақыл – асыл; білім – мәңгі, білім – нұр, білім – жарық, білім – биіктік, білім–жетістік, білім – табыс т.б., яғни «білім мен ақылдың алмайтын қамалы жоқ» идеясын үндейді.

*Ізгілік*. Адами құндылықтардың ішінде ізгілік ерекше орын алады. Жазба ескерткіштердегі ізгілікке, адамның жақсы-жаман қасиеттеріне қатысты мақал-мәтелдерге антонимдік қатынастағы *edgü* «ізгі, игі, жақсы», *isiz* «жаман, жаман әдет» лексемалары және осы сөздерге *-lik, -lik* жұрнақтары жалғану арқылы жасалған *isizlik* «жамандық», *edgülik* «жақсылық, ізгілік» сөздері негіз болады: *Karımaz bu edgü neče yüllasa, Isizlik edikmez neče edlese* (ҚБ, 48. 347-бәйіт) `Жақсы, қанша жасар, кәрі болмайды, Жаман қанша түзегенмен оңбайды` (Ізгі қанша көп жасасын – алжымас, Арам қанша баптағанмен – мандымас!) (АЕ, 107. 347-бәйіт), қазақ тілінде: *Жақсы адам қартайғанда дана болар, Жаманды құрметтесең пәле болар* паремиясының мәніне сәйкес келеді; *Tilekin bulur edgü күнде yangi, Isizning küninge ming artar mungü* (ҚБ, 49. 349-бәйіт) `Жақсы күнде табар жаңа бір тілек, Жаман күнде мұңмен сөнер біртіндеп!` (АЕ, 107. 349-бәйіт), қазақ тілінде: *Жақсының жүрген жері жарық, Жаманның көрген күні тамұқ*. Қазақ тілінде *edgü, edgülik* лексемаларының ізгі, ізгілік, игі, игілік нұсқалары сақталған, сининимдік қатарда *жақсы, жақсылық* сөздері пайдаланылады. Көне түркі және орта түркі тілдерінде кеңінен қолданылған *isiz* сөзі қазақ тілінде сақталмаған, лексеманың мәнін *жаман, жамандық* лексемалары береді. Ескерткіштер тіліндегі ізгілік кісіліктің негізгі белгісі.

*Мейірімділік пен бауырмалдық*. Адамдар арасындағы бір-біріне мейірімділік, жылылық, бауырмалдық таныту, ізгі лебізін білдіру сыйластықтың негізін құрайды. Мейірім – адам жан дүниесін тазалыққа бастайтын, жарық ететін ізгі қасиеттердің бірі. «Құтадғу білік» ескерткіші тіліндегі мейірімділік пен бауырмалдықты үндейтін мақал-мәтелдердің тірек сөзі – *bagırsak* «мейірім, бауырмал» және *bagırsaklik* «мейірімділік, бауырмалдық» лексемалары: *Tapın öz ogurlug bagırsaklikin, Kapugda asungil manga bol yakın* (ҚБ, 75. 395-бәйіт) `Істің көркі – мейірім, ақылдылық`. Бауырмалдық...` (АЕ, 129. 595-бәйіт). Қазақ тілінде орта түркілік *bagırsak* лексемасының бірінші компоненті сақталып, аффикстік компоненті қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне сәйкес өзгеріске ұшыраған: *бауырмал* «өзгені жатсынбайтын, көпшіл, туысқаншыл» (ҚТТС, 117).

*Сабыр*. Адамзатты жамандықтан сақтап, жақсылыққа үндейтін қасиеттердің бірі – сабырлылық. Адам бойындағы сабырлылық қасиет байсалды әрекет етуден көрінеді. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінде де байыбына бармай шешім шығармауға, сабырлыққа шақыратын мақал-мәтелдер көптеп кездеседі: *İve kirme işke sabir kil serin, İve kilmiş işler öküncü yarın* (ҚБ, 74. 387-бәйіт) `Бастарда істі байыбына барып ал, Асыққандар күйінер де, жаңылар` (АЕ, 129. 587-бәйіт), қазақ тілінде: *Асыққан шайтан ісі; Жеті өлшеп бір кес* т.б. *Bäla kelsa sabr et farahqa күтүр* `Бәле келсе сабыр ет, қуанышын күт` (ҺХ, 38). *Kamug işte ivme serin öz tutun, Serinse bulur kul bu beglik kurin* (ҚБ, 74. 388-бәйіт) `Барлық істе саспа, сабыр қыл-дағы, Сабыр тұтса, бектік құрар құл-дағы` (АЕ, 129. 588-бәйіт). Қазақ тілінде *Сабыр түбі – сары алтын, Сабырлы жетер мұратқа* т.б. даналық сөздер бар.

Әділдік. Адамгершіліктің, ізгіліктің іргетасы болып саналатын адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі – әділ болу, турашылдық. Орта ғасыр жазба мұралары тіліндегі әділдікке

қатысты мақал-мәтелдерге *köni* «әділ», *könilik* «әділетті, турашыл» сөздері негіз болады: *Köni bol бүтүнлік биле tut kilinç, Könilik içinde turur bu sevinç* (ҚБ, 146. 1289-бәйіт) `Турашыл бол, тура жүріп жұмыс қыл, Туралықтың өзегінде – ырыс-құт` (АЕ, 187. 1289-бәйіт). Ескерткіштер тілінде адамның ниетінің, жүріс-тұрысының түзулігін білдіретін мақал-мәтелдер «түзу» мағынасын беретін *tüzün* және оған қарама-қарсы мағынада «бұзық» мағынасын білдіретін *utun* лексемалары арқылы да беріледі.

*Жүректілік пен батылдық.* Адамның рухының биіктігін, намысшылдығын білдіретін қасиеттердің бірі – батылдық. Ескерткіштер тілінде жүректілік пен батылдылықты, намысшылдықты сипаттайтын мақал-мәтелдердің негізгі идеялары *yürekliğ* «жүректілік, батылдық», *uvutlug* «ұяты жоғары, арлы, намысқой» лексемаларының мазмұны арқылы беріледі: *Yürekliğ tigüci uvutlug bolur, Uvutlug kişi ölse urşu ölür* (ҚБ, 244. 2293-бәйіт) `Жүректі ер ар-намысшыл келеді, Намысты ер тек күресіп өледі` (АЕ, 273. 2293-бәйіт), қазақ тілінде: *Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді* т.б.

*Қырағылық пен сақтық.* Адам өмірінің қауіпсіздігі, ісінің сәтті болуы әркімнің қырағылығына, байқампаздығы мен мұқияттылығына да байланысты. Түркі халқының ұлы ойшылы Ж.Баласағұни адам бойындағы осы қасиетке айрықша мән береді: *Oduğluk bu saklikni ögdi eren, Usallik bile öldi er ming tümen* (ҚБ, 58. 440-бәйіт) `Қырағылық, сақтықпен ер мақталды, Осалдықпен мыңдар ажал тапқанды` (АЕ, 115. 442-бәйіт), қазақ тілінде: *Қырағының ісі оңалар.* Ескерткіш тілінде әрнәрсенің байыбына барып, көрген, естігенді есепке алып, әрбір істі ойлап жасауға қатысты мақал-мәтелдер *odugluk* «қырағылық», «зер салып, мұқият болу», *saklik* «сақтық» сөздерінің және қарама-қарсы мағынадағы «мұқиятсыздық», «шалалық», «осалдық» мәндерін білдіретін *usallik* лексемасының мазмұны арқылы айқындалады.

Орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі адамның жақсы қасиеттерін сипаттайтын мақал-мәтелдердің паремиялық мағыналарын тиянақтайтын доминант бірліктерді *qut, kişilik, karam, bilig, biliglig, ukuş, edgü, edgülik, bagırsak, bagırsaklik, sabir, serin, köni, könilik, tüzün, yürekliğ, uvutlug, odugluk, saklik, ahiliğ* лексемалары құрайды. Адами құндылықтарды айқындайтын мақал-мәтелдер мазмұны адамгершілік қасиеттердің (адамгершілік, ақылдылық, біліктілік, білімділік, әділдік, ізгілік, бауырмалдық, қарапайымдылық, мейірімділік, сабырлық, жомарттық, батылдық, ерлік, көркем мінезділік т.б.) жинақталған паремиялық модель – «кісілік» позициясы арқылы көрініс табады.

**Кісілік пен адамгершілікке жат әдеттер.** Орта ғасырлық түркі ойшылдары жеке тұлғаның әлеуметтік ортадағы беделін түсіретін, халықтың рухани мәдениетінің деңгейіне, қоғамның үйлесімді дамуына кері әсер ететін адам бойындағы жағымсыз әдеттер қатарына жататын еріншектік пен жалқаулық, екіжүзділік, әділетсіздік, сараңдық, опасыздық пен сатқындық, арысздық пен ұятсыздық, қиянатшылдық пен зұлымдық, надандық т.б. жат қылықтарды ұрпақ бойынан аластауға мүдделі болды. Бұл орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдердің мазмұнынан да көрініс тауып отырды.

*Екіжүзділік.* Адамның сөзі мен ісінің үйлеспеуі, берген уәдесінде тұрмауы, өз ыңғайына қарай әртүрлі сөйлеуі кісілікке жат әдет. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде: *İki yüzlüğ erke sözüng sözleme, Yadılgay sözüng sir açilgay yime* (ҚБ, 147. 1298-бәйіт) `Сөз сөйлеме, сенбе екі жүздіге, Сыр, сөзінді ашар, жаяр үздіге` (АЕ, 188. 1298-бәйіт). Ескерткіштер тіліндегі «сертіне берік емес», «екі сөйлейтін», «өтірікші» мағынасын беретін *iki yüzlüğ* тіркесіне негіз болған *yüz* «бет, әлпет, өң» лексемасы түркі тілдерінде кеңінен қолданылатын белсенді сөздер қатарына жатады. Жалпытүркілік *iki* сан есімі мен *yüz* зат есімінің тіркесуі арқылы жасалған мақалдың доминант бірлігі – *iki yüzlüğ* → *iki +yüz* лексемасының семантикалық уәжі де айқын.

*Бұзықтық.* Орта ғасыр ескерткіштері тілінде бұзықтыққа байланысты мақал-мәтелдердің мазмұнына «бұзық», «ниеті жаман» мағыналарын беретін *utun* сөзі негіз болады:

*Tüzün birle uruş, utun birle üsterme* (ДЛТ, I, 262) `Түзумен ұрыс, бұзықпен ұстаспа`, қазақ тілінде: *Қырсызбен ұрыссаң да, Арсызбен ұрыспа*. Қазақ тілінде бұзық сөзі «бұзақы, тен-тек, сотқар», «арам, қараниет» (ҚТТС, 149) мағыналарын білдіреді.

*Сараңдық пен ашкөздік*. Адамның жағымсыз қасиеттерінің бірі – сараңдық. Түркі жазба ескерткіштерінде сараңдыққа қатысты мақал-мәтелдердің тірек сөзін *saran, bahilliq* лексемалары құрайды: *Saranka tapınma ay tapnur kişi, Tiriglik yava bolga isiz başi* (ҚБ, 112. 949-бәйіт) `Қызмет қылма, қалтыраған сараңға, Басың қатып, қор боларсың аранда` (АЕ, 160. 949-бәйіт); *Bahilliq otalap oñalmaz jig ol* `Сараңдық – емдегенмен жазылмайтын ауру` (ҺХ, 33). Адамға көмектесе бермейтін, қолы тар, қолындағысын ешкімге бергісі келмейтін адамның жаман қасиетін сипаттайтын сараң лексемасы қазақ тілінде де кеңінен қолданылады, сараңдыққа байланысты мақал-мәтелдердің саны да ауқымды: *Сараң асын бермейді, көзінің жасын береді; Соқырда екі көз жоқ, Сараңда бір көз жоқ* т.б. Сараңдық секілді адам бойындағы жағымсыз қасиеттердің бірі – ашкөздік. Жазба ескерткіштер тіліндегі ашкөздікті сипаттайтын мақал-мәтелдер *harisliq* сөзінің мазмұнына негізделеді: *Harisliq soñi ғam ökünüç hasrat ol* `Ашкөздіктің соңы өкініш, қайғы, қасірет` (ҺХ, 36), қазақ тілінде: *Ақша ақылды адамның да көзін тұндырады, Ашкөздік ұшқан құсты да торға түсіреді*. А.Йүгнекидің «Һибат-ул Хақайик» еңбегінде сараңдыққа, ашкөздікке қарама-қарсы «жомарттық» мәнін беретін *ahiliq* сөзі қолданылады: *Ahiliq qamuy `ajb kirini jujur* `Жомарттық барлық айыптың кірін жуады` (ҺХ, 32).

*Ұятсыздық пен арсыздық*. Орта ғасыр жазба мұралары тіліндегі адамның жағымсыз қасиеттеріне жататын ұятсыздық туралы мақал-мәтелдердің тірегіне *uvutsuz* «ұятсыз, арсыз» сөзі алынады: *Uvutsuz kişidin yirak tur teze, Meningdin ming alkış uvutlug öze* (ҚБ, 148. 1309-бәйіт) `Аулақ жүргін ар-ұятсыз пендеден, Ұятты, арлы алғыс айтсаң – дем берер` (АЕ, 189. 1309-бәйіт), қазақ тілінде: *Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, Жаманға ерсең, қаларсың ұятқа*. Жалпытүркілік *uvutsuz* лексемасының негізі *uvut* сөзі қазіргі түркі тілдерінде бірнеше фонетикалық вариантта қолданылады: қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр тілдерінде *ұят*, қырғыз тілінде *уят*, татар, башқұрт тілдерінде *ойат*, азербайжан тілінде *утан*, түрікмен, түрік тілдерінде *утанч*.

*Қиянат пен залымдық*. Адамның жағымсыз қасиеттерінің бірі – қиянатшылдық. Бұл адамның қатігездігін, мейірімсіздігін білдіреді. Жазба ескерткіштер тіліндегі қиянатқа байланысты мақал-мәтелдердің мазмұнына *hiyanet* «қиянат» сөзі негіз болады: *Hiyanet kişi kayda sunsa elig, Tengiz erse suglur kuritur yirig* (ҚБ, 297. 2866-бәйіт) `Қиянатшыл қол ұсынса – бұл анық – Жер қуарып, теңіз кетер суалып` (Сұмырай келсе су құриды, наныңыз, Сұмырай көрсең, суға айналар қаныңыз!) (АЕ, 321. 2866-бәйіт), қазақ тілінде: *Сұмырай келсе, су құриды*. Қазақ тілінде де араб тілінен енген *қиянат* кірме лексемасы ортағасырлық мағынасы мен тұрпатын өзгертпей белсенді түрде қолданылады. Адам бойындағы қиянатшылдық залымдыққа, зұлымдыққа ұласады. Басқаның мүлкіне көз тігіп, өзгенің ақысын жеу – нағыз залымдық. А. Йасауидың «Диуани хикмет» еңбегі тіліндегі ұрпақты залымдықтан алыс болуға үндейтін мақал-мәтелдерінің мазмұны *zalim* арабизмі арқылы дәйектеледі. Бұл сөз екі дәуірде де бірдей тұлғада, бірдей мағынада жұмсалады: *Zalimlerde had ne bolgay bizde günah, Dervişlerni hulki murdar ötmez dua* `Залымдарда ар-ұят жоқ, бізде күнә, Дәруіштің жаны өлік, өшпес дұға` (ДХ, 20. 11-хикмет). Қазақ тілінде: *Әділ билер болса құп, Залым билерде иман жоқ* т.б.

*Надандық*. Қазақ ұғымында жақсылық пен жамандықты айыра білмейтін, білмейтіні басым, білгеннің тілін алмайтын адамға тән қасиет надандық деп аталады: *надан* «көрсөқыр, топас», *надандық* «топастық, көрсөқырлық, білімсіздік» (ҚТТС, 611). Надандық адамды бақытсыздыққа душар етеді. Жазба ескерткіштер тілінде де *надан* сөзі мағыналық, тұлғалық жағынан өзгеріссіз беріліп, надандыққа байланысты мақал-мәтелдердің негізін

құрайды: *Nadanlarga essiz sözüüm hayf hikmet, Ademmen dep belin bağlab kanî himmet* `Надандарға ессіз сөзім өкінішті хикмет, Адаммын деп белін байлар көне хикмет` (ДХ, 20. 11-хикмет). Қазақ тілінде: *Наданды тәрбиелеп адам ете алмайсың* т.б.

*Еріншектік пен жалқаулық.* Адамзаттың қас жауы болып табылатын қасиеттердің бірі – еріншектік. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде де еріншектік пен жалқаулық ұнамсыз қылықтар қатарында қарастырылып, ұрпақтың еріншектік пен жалқаулықтан бойын алыс ұстауы насихатталады:

*Ermegüke eşik art bolur* `Еріншекке есік те жүк болар` (ДЛТ I, 42); қазақ тілінде: *Еріншектің ісі екі. Еріншектің ертеңі бітпес; түрік тілінде: Tembele iş buyur sana akıl öğretsin. Üşengeç bir işi iki defa yapar; қырғыз тілінде: Calkoogo iş buyursan, özünö akıl üyrötöt; өзбек тілінде: Tambalga iş buyursan, atan dek nasihat beradi. Erinçok ikki işlar. Erinçoknin ertanı bitmaydi;* қазан татарларының тілінде: *Yalkavga yomış kuşsan, ul sina akıl bire./ İrinçek iki işler.* Орта ғасыр түркілері тіліндегі *ermegü* «еріншек, жалқау» лексемасының қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы өзгерген: *ермек* «алданыш, жұбаныш», «қолы бос адамның уақыт өткізу үшін істейтін әрекеті, ісі» (ҚТТС, 232): *Еріккеннің ермегі.*

*Такаппарлық пен менмендік.* Адам бойындағы жағымсыз қасиеттерге менмендік пен такаппарлық жатады. Менмен адам өзін басқадан артық санайды, өз мүддесін, өз қажеттілігін ғана ойлайтындықтан әлеуметтің үйлесімді қарым-қатынасына кері ықпал етеді. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде: *Candîn keçmey işk sîrriñi bilse bolmaz, Maldîn keçmey menmenlikni koysa bolmaz* `Жаннан кешпей ғашық сырын біліп болмас, Малдан кешпей менмендікті қойып болмас` (ДХ, 113. 137-хикмет). Қазақ тілінде: *Менмендік – мекерлік; Менмен құдайын да танымайды* т.б.

Ескерткіштер тіліндегі адамның жағымсыз қылықтарын сипаттайтын мақал-мәтелдердің мазмұны *qutsuz, biligsiz, isiz, isizlik, utun, menmenlik, ermegü, nadan, hüyanet, zalim uvutsuz, saran, bahilliq, harisli, utun* т.б. лексемалардан тұратын тірек сөздердің семантикалық шеңберінде тиянақталып, жат қылықтардан бойды алыс ұстау идеясын бейнелейді.

Орта ғасыр түркі мұралары тіліндегі моральдық құндылықтар мен адамгершілікке жат қылықтар мен әдеттерді бейнелейтін мақал-мәтелдер орта ғасырда өмір сүрген түркі ойшылдарының гуманизмге бағытталған әлемдік рухани құндылықтарға, қағамдағы адам сапасына, білімді де ақылды, парасатты, рухани бай ұрпақ қалыптастыруға айрықша басымдық бергенін сипаттайды.

**Қорытынды.** Бабалардан жеткен аталы сөздер өмір тәжірибесінен туындаған даналықтың, ұшқыр ойдың жемісі. Ғұламалар тіліндегі көркемдігі кемел, ғибратты өнегеге толы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің мазмұны арқылы анықталатын орта ғасыр түркілерінің өмірлік ұстанымдары мен философиялық тұжырымдары, этнопедagogикалық пайымдаулары қазақ халқының рухани мәдениетінің негізін құрайды.

Орта ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі және қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің құрылымы мен этномәдени мазмұнындағы идея ортақтығы, паремиялық мағынаны тиянақтайтын доминант сөздердің тұлғасы мен семантикасындағы, олардың қолданысындағы ортақтықтар мен сәйкестіктер жалпытүркілік тілдік сананың беріктігін және түркі паремиялогиясының даму барысындағы жүйелілікті айқындайды; ал, мақал-мәтелдердің құрылымындағы, тірек сөздердің тұлғасы мен семантикасындағы өзгерістер мен айырмашылықтар жалпытүркілік паремиялогиялық жүйенің үздіксіз даму барысындағы интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ыпалы нәтижесінде қалыптасқан лингвоэволюциялық заңдылық болып табылады. Мақал-мәтелдердің идеялық мазмұны, этнолингвистикалық мәні арқылы айқындалатын XI ғасырда өмір сүрген түркілер мен қазіргі қазақ халқының өмірлік ұстанымдарының, рухани құндылықтарға деген көзқарастарының ортақ болып келуі жалпытүркілік дүниетаным сабақтастығын сипаттайды.

### Әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
2. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.
3. Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. –Алма-Ата: Ғылым, 1982. – 350 б.
4. Наджип Ә.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. –Туркестан: Туран, 2004. – С. 307.
5. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка // Советское востоковедение. – 1952. Вып. V. –С.247-254.
6. Сыздық Р. Яссауи тілінің қыпшақтық-оғұздық негізі // Түркология. № 2. 2002. –101-110 бб.
7. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.

### Шартты қысқартулар:

- АЕ Егеубаев А. Құтты білік. –Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
- ДЛТ Қашқари М. (1997) Түрік сөздігі. Мәтін. Ауд. А.Қ. Егеубай. 1-том. – Алматы: Хант, 1997. – 591 б; 2-том– Алматы : Хант, 1997. –528 б.; 3-том. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
- ДХ Қожа Ахмет Яссауи «Диуани хикмет» (Даналық кітабы). Баспаға әзірлегендер: Қ. Қари, Ф. Қамбарбекова, Р. Исмаилзаде. –Тегеран: Әл-Худа, 2000. – 121 б.
- ҚБ Reşid Rahmeti Apat. Kutadgu bilig. I. Metin. –Istanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1947. – 658 s.
- ҚТТС Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- ҺХ Yükneki Ahmet. Atabetül Nakauik [мәтін]: түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы, – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.

**М. Ескеева, Ж. Алашбаева**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан*

### **Репрезентация человеческих качеств в пословицах и поговорках тюрков средневековья: сравнительно-исторический анализ**

**Аннотация.** Средневековые письменные памятники тюркского мира – благородное наследие тюркских народов, отражающие историю и культуру прошлого, особенности языка. Всестороннее изучение пословиц и поговорок на языке памятников истории и культуры позволяет определить процессы формирования и развития паремиологической системы на казахском языке, смысловую мотивацию пословиц и поговорок. В статье рассматриваются пословицы и поговорки, характеризующие моральные ценности на языке тюркских памятников – «Кудатгу билиг» Жусупа Баласагуни, «Диуани лугат–ит Турк» Махмута Кашгари, «Хибат-ул хакайк» Ахмета Йүгнека, «Диуани хикмет» Ахмета Ясауи. Этнокультурное содержание пословиц и поговорок, характеризующих положительные и отрицательные качества человека на языке памятников, особенности паремиологиче-



ского значения, доминант в составе пословиц и поговорок дифференцируется в рамках семантической сферы слов. При сравнении пословиц и поговорок на языке тюркских письменных памятников средневековья с пословицами и поговорками на казахском языке выявляются общности и различия в их этнокультурном содержании.

**Ключевые слова:** тюркские языки, памятники тюркской письменности средневековья, историческая лексикология, пословицы и поговорки, паремиологическая система, семантическая связь, общетюркское мировоззрение, казахский язык.

**M. Eskeyeva, Zh. Alashbayeva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Representation of Human Qualities in Proverbs and Sayings of Turks of the Middle Ages: Comparative and Historical Analysis**

**Abstract.** Turkic written records of the middle period is a valuable heritage, which gives information about history, culture and language of Turkic peoples. Detailed study of proverbs of these inscriptions facilitates to define the process of formation and development paramiology of Kazakh language and semantic motivation of proverbs and sayings. This article considers proverbs and sayings of moral standards in the language of Turkic written records of XI-XII centuries, as Yusuf Balasaguni's "Kutadgu Bilig", Akhmet Yeguneki's "Hibatul Hakaiyk" and Akhmet Yassawi's "Diwani Hikmet". The author analyzes the ethno-cultural content of the proverbs and sayings, describing positive and negative values of person, peculiarities of paroemiological meaning in the framework of semantic field of dominant words of the proverbs and sayings. Furthermore, the author defines similarities and differences of ethno-cultural content the proverbs and sayings of the medieval period written records and modern Kazakh language by comparing them.

**Keywords:** Turkic languages, Turkic inscriptions, historical lexicology, proverbs and sayings, paramiology, semantic relation, general Turkic worldview, Kazakh language.

### **References**

1. Kaydar A.T. Kazak tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language] (Almaty, Ana tili, 1998, 304 p.). [in Kazakh]
2. Eskeyeva M.K. Kone turki zhane kazirgi kipshak tilderinin monosillabtik negizi [Monosyllabic basis of ancient Turkic and modern Kipchak languages] (Almaty, Aris, 2007, 360 p.). [in Kazakh]
3. Sayranbayev N.T. Problemy kazahskogo yazikoznaniya [Problems of Kazakh linguistics] (Science, Almaty, 1982, 350 p.). [in Russian]
4. Najib E.N. Kultura i turkoyzichnaya literatura mamlyukskogo Egipta XIY veka [Culture and Turkic literature of Mamluk Egypt of the 16th century] (Turkestan, Turan, 2004, 307 p.). [in Russian]
5. Borovkov A.K. Ocherki po istori uzbekskogo yazika // Sovetskaya vostokovedenie [Essays on the history of the Uzbek language] (1952, 247-254 pp). [in Russian]
6. Syzdyk R. Yassauy tilinin kipshaktik-oguzdik negizi, [Kipchak-Oguz basis of the language of Yassawi], Turkologiya, №2, 101-110(2002). [in Kazakh]
7. Abai. Olender, poemalar, audarmalar men kara sozder [Poems, translations and words of edification] (Almaty, Zhibek zholy, 2005, 488 p.). [in Kazakh]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Ескеева Мағрипа** –Түркітану кафедрасының профессоры, ф.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Алашбаева Жанна** – негізгі автор, «Түркітану» мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Yeskeyeva Magripa** – Prof. Dr. of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Alashbayeva Zhanna** – main author, PhD student of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.  
Филология сериясы» журналында мақала жариялау ережесі**

**1. Журналдың мақсаты.** Филология ғылымдарының өзекті мәселелерін, тіл және әдебиетті оқыту әдістемелерін және де ғылыми конференциялардың ең маңызды материалдарын, библиографиялық шолу мен сын пікірлерді көрсететін әдебиеттану және тілтану саласындағы мұқият тексеруден өткен ғылыми жұмыстарды жариялау.

**2. Журналда мақаланы жариялаушы автор** Ғылыми басылымдар бөліміне (*мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 402 кабинет*) қолжазбаның қол қойылған бір дана қағаз нұсқасын тапсыру және **Word** форматындағы электронды нұсқасын **vest\_phil@enu.kz** электрондық поштасына жіберу қажет. Қағазға басылған мақала мәтіні мен электронды нұсқасы бірдей болулары қажет. Мақаламен бірге автордың жұмыс орнынан алынған **Ілеспе хат** та тапсырылуы қажет. Мақалалар **қазақ, орыс, ағылшын** тілдерінде қабылданады.

**3. Авторлардың редакцияға мақалаларды жіберуі** «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысында» басуға және шет тіліне аударып, қайта басуға келісімін білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы өз туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына, барлық көшірмелердің, кестелердің, сұлбалардың, иллюстрациялардың тиісті түрде рәсімделгеніне кепілдеме береді.

**4. Ұсынылатын мақала көлемі** (жекедеректер мен әдебиеттер тізімін қоса):  
- мақалалар үшін - 8 беттен 16 бетке дейін;  
- сын пікірлер (монографияға, кітапқа) және конференция туралы пікір - 6 дан 12 бетке дейін.

**5. Мақалаға қойылатын талаптар:**

- **Microsoft Word** (docx) форматындағы файлда;
- **Times New Roman** шрифінде;
- жақтау жолағы 2x2x2x2;
- 1,5 жоларалық интервалы;
- 14 кегл;
- мәтінді жақтау көлеміне сәйкестендіру керек;
- Әрбір азатжол қызыл сызықтан басталуы қажет (1 см шегініс);
- **транслитерация** Library of Congress (LC) жүйесінде жасалуы керек.

**Мақаланың құрылымы:**

**XҒТАР** <http://grnti.ru/> - бірінші жолдың сол жақтауында;

**Автор(лар)дың аты-жөні** – жолдың ортасында **қою әріппен** жазылады;

**Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті** (егер авторлар әртүрлі мекемелерде жұмыс істесе, онда автордың тегі мен тиісті мекеменің қасында бірдей белгіше қойылады) Автор(лар)дың **E-mail-ы** – жақша ішінде (*курсивпен*);

**Мақала атауы** – жолдың ортасында (жартылай қою кіші әріппен жазылады)

**Аңдатпа** – (100-200 сөз) формуласыз, мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі, зерттеу нәтижелері, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет.

**Түйін сөздер** («Түйін сөздер» сөз тіркесі **жартылай қоюмен** белгіленеді) (5-8 сөз немесе сөз тіркестері) - Түйін сөздер зерттеу тақырыбын өте дәл бейнелеу керек, сонымен қатар, ақпараттық-ізвестіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін мақала мәтінінің терминдерін және де басқа маңызды ұғымдарды қамтуы қажет.

**Мақаланың негізгі мәтіні** кіріспені, мақсат пен міндеттерді қоюылуын, зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстардың шолуын, зерттеу әдістерін, нәтижелері/талқылауы,

қорытынды қамтуы қажет (жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1 см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады).

**Кестелер, суреттер** – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр иллюстрация қасында оның аталуы болуы қажет. Сурет айқын әрі сканерден өтпеген болуы керек.

Мақаладағы формулалар тек мәтінде оларға сілтеме берілсе ғана нөмірленеді.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқаларына міндетті түрде алғаш қолданғанда түсініктеме берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

**Әдебиеттер тізімі.** Мәтінде әдебиеттерге сілтеме тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің нөмірленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіледі: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1, 153 б.] арқылы, екінші сілтеме [2, 185 б.] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме қолданылған беттерді көрсету керек (мысалы, [1, 45 б.].)

Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен қатар, рецензиядан өтпеген басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгісін төмендегі мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз).

Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса) беріледі.

**Авторлар туралы мәлімет:** аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмыс орнының мекенжайы, телефон, e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілінде толтырылады.

**6. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет.** Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның кейін қайтарылуы, оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

**7. Электронды корректурамен жұмыс істеу.** Ғылыми басылымдар бөліміне түскен мақалалар жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Эксперттер ұсынылған мақалаға оның жариялау мүмкіндігі, жақсарту қажеттілігі немесе қабылданбауы туралы дәлелді қорытындысын қамтитын жазбаша сын пікір береді. Жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда авторлар үш күн аралығында мақаланың корректурасын жіберу керек. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі. Оң сын пікірлер алған мақалалар оларды талқылау және басылымға бекіту үшін журналдың редакциялық алқасына ұсынылады.

**Журналдың басылым жиілігі:** жылына 4 рет.

**8. Төлемақы.** Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына келесі реквизиттер бойынша төлем жасау қажет (ЕҰУ қызметкерлері үшін - 4500 теңге; басқа ұйым қызметкерлеріне - 5500 теңге).

**Реквизиттер:**

- 1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «Банк ЦентрКредит»  
БИК банка: КСЖВКЗКХ  
ИИК: KZ978562203105747338  
Кбе 16  
Кпн 859- за статью
  
- 2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «Bank RBK»  
Бик банка: KINCKZKA  
ИИК: KZ498210439858161073  
Кбе 16  
Кпн 859 – за статью
  
- 3) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «НародныйБанкКазахстан»  
БИК Банка: HSBKKZKX  
ИИК: KZ946010111000382181  
Кбе 16  
Кпн 859. - за статью

***«Мақала үшін, автордың АТЫ-ЖӨНІ»***

## Provisions on articles submitted to the journal “Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series”

**1. Goal of the journal.** Publication of carefully selected original scientific papers in the fields of literary studies, linguistics, reflecting the actual problems of philology, language and literature teaching methods, most significant proceedings of scientific conferences, bibliographic summaries and reviews.

**2. An author who wishes to publish a paper in the journal must submit the paper in one hard copy (printed version),** signed by the author, to the scientific publication office (at the address: 010008, the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Satpayev St., 2. The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Administrative Building, Office 402) and by e-mail **vest\_phil@enu.kz** in **Word** format. At the same time, strict compliance between Word-version and the hard copy is required. And also the authors need to submit a cover letter.

**Language of publications:** Kazakh, Russian, English.

**3.** Submission of papers to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, the L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish papers in the journal and their re-publication in any foreign language. By submitting the text of the paper for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about themselves, lack of plagiarism and other forms of unauthorized use in the article, proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, and illustrations.

**4. The recommended volume of the paper (including metadata and references):**

- for papers – between 8-16 pages;
- for reviews (of monographs, books), reviews on conferences – between 6-12 pages.

**5. Text formatting requirements:**

- Microsoft Word file format (docx);
- Times New Roman font;
- the size of the fields 2 \* 2 \* 2 \* 2;
- line spacing 1,0;
- size 14;
- text alignment in width;
- each paragraph beginning with the main line (indent 1 cm);
- transliteration is carried out according to the Library of Congress (LC) system.

**Structure of the article:**

**IASTI** <http://grnti.ru/> – first line, left

The content of the metadata about the author (see Рәсімдеу үлгісі / Paper template)

Initials and Surname of the author (s) – center alignment, italics

Full name of the affiliation, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization)

**Author's e-mail (s)** – in brackets (italics)

**Paper title** – center alignment (bold)

**Abstract (100-200 words)** must not contain formulas or repeat the content of the paper; it must not contain bibliographic references; it must reflect the summary of the paper, preserving the structure of the paper – introduction, methodology and research methods, research results, conclusion.

**Key words** (the phrase «Keywords» is bold) (5-8 words/word groups). Keywords must be extremely accurate to reflect the subject area of the study, include terms from the text of the paper and other important concepts that make it possible to facilitate and expand the possibilities of finding the paper by means of an information retrieval system).

The main text of the paper must contain an introduction, setting goals and objectives, a review of works on the research topic, research methods, results / discussions conclusion / conclusions – line spacing – 1, «main line» indent – 1.25 cm, justified alignment.

Tables, figures must be placed after the mention. Each illustration must be followed by the inscription. Figures should be clear, clean, and unscanned. Only those formulas referenced in the text are subjected to numbering.

All abbreviations and shprttenings, with the exception of obviously well-known, must be decoded when first used in the text.

Information about the financial support of the work is indicated on the first page in the form of a footnote.

**References.** In the text, references are indicated in square brackets. References must be numbered strictly in the order of mention in the text. The first reference in the text to a reference must have the number [1, 153 p.], the second – [2, 185 p.], Etc. The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45 p.]). Links to unpublished works are not allowed. Undesirable references to unlicensed publications are not recommended (examples of the description of the list of references, descriptions of the list of references in English, see below in the sample article).

**At the end of the paper,** after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the paper is in Kazakh), in Kazakh and English (if the paper is in Russian) and in Russian and Kazakh (if the paper is in English language).

**Information about the authors:** last name, first name, patronymic, scientific degree, position, affiliation, full business address, telephone, e-mail – in Kazakh, Russian and English.

**6. The manuscript must be carefully verified.** Non-compliant manuscripts will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the manuscript has been accepted for publication.

**7. Work with electronic proofreading.** Papers submitted to the Department of Scientific Publications (editing office) are sent for anonymous review. Experts give a written review of the submitted paper with a reasoned conclusion about the possibility of its publication, the need to send for revision or (rejection) of the paper. Papers that have received a negative review are not accepted for reconsideration. Authors should, within three days, send the proofreading of the paper if it is decided to finalize the paper. Corrected versions of papers and the author's response to the reviewer are sent to the editor. Papers with positive reviews are submitted to the editorial board of the journal for discussion and approval for publication.

**Periodicity of the journal:** 4 times a year.

**8. Payment.** Authors who have received a positive opinion on publication must pay to the following banking details (for ENU employees – 4,500 KZT, for outside organizations – 5,500 KZT).

**Реквизиты:**

- 1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «Банк ЦентрКредит»  
БИК банка: КСJBKZKX  
ИИК: KZ978562203105747338  
Кбе 16  
Кпн 859- за статью
  
- 2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «Bank RBK»  
Бик банка: KINCKZKA  
ИИК: KZ498210439858161073  
Кбе 16  
Кпн 859 – за статью
  
- 3) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «НародныйБанкКазахстан»  
БИК Банка: HSBKKZKX  
ИИК: KZ946010111000382181  
Кбе 16  
Кпн 859. - за статью

*«For the publication, Name of the author»*



## **Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Филология»**

**1. Цель журнала.** Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ в области литературоведения и языкознания, отражающих актуальные проблемы филологических наук, методы преподавания языка и литературы, а также наиболее значимые материалы научных конференций, библиографические обзоры и рецензии.

**2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале,** необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором, в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Учебно-административный корпус, каб. 402) и по e-mail [vest\\_phil@enu.kz](mailto:vest_phil@enu.kz). При этом должно быть строго выдержано соответствие между Word-файлом и твердой копией. Также авторам необходимо предоставить **сопроводительное письмо**.

**Язык публикаций:** казахский, русский, английский.

**3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя** – Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – публикации статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций.

**4. Рекомендованный объем** (включая метаданные и список литературы):

- для статей – от 8 до 16 страниц;
- для рецензий (на монографии), отзывов о конференциях – от 6 до 12 страниц.

**5. Требования к форматированию текста:**

- формат файла Microsoft Word (docx);
- шрифт Times New Roman;
- размер полей 2\*2\*2\*2;
- междустрочный интервал 1,0; – кегль 14;
- выравнивание текста по ширине;
- каждый абзац должен начинаться с красной строки (отступ 1 см);
- транслитерация осуществляется по системе Library of Congress (LC).

**Схема построения статьи:**

**ГРНТИ** <http://grnti.ru/> – первая строка, слева

**Содержание метаданных об авторе** (см. Рәсімдеу үлгісі/Образец оформления статьи/ Template)

**Инициалы и фамилия автора(ов)** – выравнивание по центру (начертание курсивом)

**Полное наименование организации, город, страна** (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации)

**E-mail автора(ов)** – в скобках (начертание курсивом)

**Название статьи** – выравнивание по центру (начертание полужирным)

**Аннотация** (100-200 слов) не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, методологию и методику исследования, результаты исследования, заключение.

**Ключевые слова** (словосочетание «Ключевые слова» выделяется полужирным) (5-8 слов/словосочетаний). Ключевые слова должны предельно точно отражать предметную область исследования, включать термины из текста статьи и другие важные понятия, позволяющие об-

---

---

легчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационно-поисковой системы).

**Основной текст** статьи должен содержать введение, постановку цели и задач, обзор работ по теме исследования, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» – 1,25 см, выравнивание по ширине.

**Таблицы, рисунки** необходимо располагать после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными. В статье нумеруются лишь те формулы, на которые по тексту есть ссылки.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

**Список литературы.** В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1, 153 с.], вторая - [2, 185 с.] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 с.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нецензурируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. ниже в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке) и на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степень, должность, место работы, полный служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

**6. Рукопись должна быть тщательно выверена.** Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

**7. Работа с электронной корректурой.** Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Эксперты дают письменную рецензию на представленную статью с мотивированным заключением о возможности ее опубликования, необходимости направить на доработку или (отклонении) статьи. Статьи, получившие отрицательную рецензию, к повторному рассмотрению не принимаются. Авторам в течение трех дней необходимо отправить корректуру статьи в случае принятия решения о доработке статьи. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

**Периодичность журнала:** 4 раза в год.

**8. Оплата.** Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию, необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ – 4500 тенге, для сторонних организаций – 5500 тенге):

---

---

**Реквизиты:**

- 1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «Банк ЦентрКредит»  
БИК банка: КСЖВКЗКХ  
ИИК: KZ978562203105747338  
Кбе 16  
Кпн 859- за статью
  
- 2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «Bank RBK»  
Бик банка: KINCKZKA  
ИИК: KZ498210439858161073  
Кбе 16  
Кпн 859 – за статью
  
- 3) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
АО «НародныйБанкКазахстан»  
БИК Банка: HSBKKZKX  
ИИК: KZ946010111000382181  
Кбе 16  
Кпн 859. - за статью

*«За публикацию ФИО автора»*

**Редактор: Дихан Қамзабекұлы**  
Компьютерде беттеген: Дәмегүл Елешева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**  
**ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы.**  
- 2020. - 3 (132). - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ. 151-б.  
Шартты б.т. - 9,4 Таралымы - 9 дана  
Электронды нұсқа: [http:// bulphil.enu.kz](http://bulphil.enu.kz)

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
баспасында басылды